

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОБДА АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Нұрлы болашақ» балабақшасы

БАҒДАРЛАМА
«Шахмат тақтасының құпиясы»



ҚОБДА-2021 жыл

КЕЛІСІЛДІ:
Аудандық білім бөлімінің
Басшысы
Айжарыков Н.У.



БЕКІТІЛДІ:
МКҚК «Нұрлы болашақ»
балабақшасының директоры:
Ертлеуова Ж.С.



«Нұрлы болашақ» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында:
«Шахмат тақтасының құпиясы» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 «25» тауыс 2021ж

Бағдарламаны құрастырған: Карақұлова Қ.Ж.
Дузбанова.Г.С.

Бағдарлама негізі: «Шахмат тақтасының құпиясы» атты бағдарламасын Никитин
А.П. «Книга начинающего шахматиста» нұсқауға ала отырып құрастырылған.

**МКҚК «Нұрлы болашақ» балабақшасының тәрбиешісі
Каракулова Қырмазы Жумагазиевнаның
«Шахмат тақтасының құпиясы» атты бағдарламасына
Пікір**

Бұл бағдарлама мектепке дейінгі ұйым балаларының шахмат ойыны туралы түсініктерін қалыптастыру бағытында құрылған.

Бағдарлама мектепке дейінгі жастағы балалардың есте сақтау қабілеттерімен, логикалық ойлау қабілеттерін арттыруға көзделген.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін балалар мен педагогтар тығыз жұмыс жасау керек.

Бағдарламаны құрастыру барысында тәрбиеші шахмат ойындарының негізгі ережелерін және шахмат фигураларының орындарының жүрісін білуге үйрету жолдарын меңгеруді құрастырып, қарастырылған.

Бағдарлама тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған.

Бағдарламаның мазмұны күнделікті өмірдегі, балалардың логикалық ойын және тез шешім қабылдай білуге арналған сезімдерін қалыптастыру үшін, сонымен қатар математикалық амалдарды орындаудағы ой жылдамдығын арттыруға бағытталған.

Бағдарлама балабақша ересек және ортаңғы топтарда жұмыстар жүргізу үшін ұсынылады.

**«Нұрлы болашақ» балабақшасының
біліктілігі жоғары деңгейдегі
жоғары санатты маман:**



Ж.С.Ертлеуова

Түсінік хат

«Шахматсыз ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілеті толыққанды дамуы мүмкін емес»
В.А.Сухомлинский

Шахмат – бұл тұтастай бір әлем. Ол қисын мен сезімнің және өзінің шарықтауы мен жеңілуі, қуанышы мен өкініші бірге жүретін таңғажайыптар мен құмарлық әлемі. Балаға осы ғажайып әлемнің алтын кілтін сыйлау біздің қолымызда.

Шахмат ойыны балалардың ойлау қабілетін нығайтады. Сонымен қатар олардың есте сақтау қабілеті дамып шынығады. Логикалық ойлауы мен әртүрлі шиеленіс мәселелерді шеше білу дағдыларын қалыптастырады.

Ортаңғы топтарда қалыптасқан шахмат ойындарының түсініктерін кеңейту бағытында, балаларға шахмат ойындарын үйретуді жалғастыруға және игерілетін әдіс-тәсілдердің сатылып күрделендіріп өткізуге арналған «Шахмат патшалығында» бағдарламасы құрастырылды.

Бағдарламаның мақсаты:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды шахмат ойындарына үйрету;
- есте сақтау қабілеттері мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- ақыл-ой қабілеттерін арттыру;
- қарсыласына сыйластық қарым-қатынас көрсетуге тәрбиелеу;

Бағдарламаның міндеттері:

- бағдарламаға ежелгі шахмат ойындары әліпбиімен таныстыру арқылы шахмат ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру;
- логикалық ойлауының пайда болуына, естің дамуына мүмкіндік туғызу;
- логикалық-математикалық ойлауын дамыту;
- кеңістік қатынасын (оң, сол, алға, артқа) бағдарлау іскерлігін қалыптастыру;
- геометриялық қатынасын (тік, көлденең, қиғаш) белгілеу іскерлігін қалыптастыру;
- өлшем бірлігін (ұзын, қасқа, қиғаш жолдарын) қолдану іскерлігін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Шахмат ойындарының негізгі ережелерін және барлық шахмат фигураларының орындары мен жүрістерін білу.

Қалыптасқан түсініктері: Есте сақтау қабілеттері мен логикалық ойлау қабілеттері дамиды, шахмат ойыны туралы түсініктері қалыптасады.

Орындаушылық қабілеті: Шахмат алаңында оңға, солға, тік, көлденең, қиғаш жүру орындаушылық қабілеттері артады.

Шахмат тақтасының құпиясы» бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тақырыптары	Сағат саны
1	«Шахматтың ғажайып елі»	1
2	«Шахмат тақтасы»	1
3	«Шахмат тақтасы»	1
4	«Шахмат тақтасы»	1
5-6	«Шахмат фигуралары»	2
7-8	«Шахмат фигураларының бастапқы орына»	2
9	«Ладья»	1
10	«Ладья»	1
11	«Піл»	1
12	«Піл»	1
13	«Ладьяның пілге қарсы тұруы»	1
14-15	«Тәжірибелік сабақ»	2
16	«Ферзь»	1
17	«Ферзь»	1
18	«Ферзьдің ладья мен пілге қарсыласуы»	1
19	«Ат»	1
20	«Ат»	1
21-22	«Аттың ферзьге, ладьяға, пілге қарсыласуы»	2
23	«Пешка»	1
24	«Пешка»	1
25-26	«Пешканың ферзьге, ладьяға, пілге қарсыласуы»	2
27	«Ойын алаңында»	1
28	«Король мәртебесі»	1
29	«Корольдің басқа фигураларға қарсы шығуы»	1
30	«Шах»	1
31	«Шах»	1
32	«Мат»	1
33	«Мат»	1
34	«Мат»	1
35-36	«Тәжірибелік сабақтар»	2

№	Тақырыптары	Бағдарламаның мазмұны	Әдістемелік басшылық
1	«Шахматтың ғажайып елі»	Балаларға ежелгі шахмат ойыны туралы тарихи мағлұмат беру; шахмат бөлмесімен таныстыру; шахмат әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру	«Шахмат шалқаны» жандандыру
2	«Шахмат тақтасы»	Балаларға ежелгі шахмат ойынын ертегі арқылы түсіндіру; шахмат тақтасымен таныстыру, ақ және қара торлар, шахмат тақтасындағы ақ және қара торлардың кезектесуі, шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру.	Д/о: «Ақ – қара шаршылардан шахмат қатарын құрастыр»
3	«Шахмат тақтасы»	Қарсыластар арасындағы тақтаның орналасуы, көлденең және тік сызықтардың көлденең және тік сызықтардың саны туралы түсінік беру. Ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар: «Көлденең», «Тігінен»
4	«Шахмат тақтасы»	Қиғаш сызықты көрсетіп таныстыру, қиғаш сызықтың көлденең жәнетік сызықтардан айырмашылығын ажырата білуді үйрету. Өзара сыйластыққа, татулыққа баулу.	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар: «Көлденең», «Тігінен», «Қиғаш»
5-6	«Шахмат фигуралары»	Балаларды шахмат фигураларымен таныстыру, олардың аттарын есте сақтап, дұрыс атай білуге үйрету. Балалардың шахмат ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын барысында бір-біріне жол беруге дағдыландыру.	Д/о: «Ғажайып дорба», «Таны да ата».
7-8	«Шахмат фигураларының бастапқы орына»	Шахмат тақтасындағы фигуралардың бастапқы орындарымен таныстыру, ойын арқылы шахмат фигураларын бастапқы орындарына орналастыруды үйрету, көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар: «Доп», «Дорба», «Иә немесе жоқ»
9	«Ладья»	Ладья фигурасымен таныстыру, шахмат тақтасындағы ладья фигурасының орыны мен жүрісі туралы түсінік беру.	Д/о: «Лабиринт», «Қысқа жол», «Алаңдағы жалғыз жауынгер»

		Балалардың көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
10	«Ладья»	Дидактикалық ойындар арқылы ладья фигурасының орыны мен жүрісі туралы үйретуді жалғастыру (ладьялардың бір-біріне қарсыласуы, екі ладьяның бір ладьяға қарсыласуы, екі ладьяның екі ладьяға қарсыласуы), шахмат тақтасындағы қозғалысының (жүрісінің) шектелуін түсіндіріп көрсету.	Д/о: «Бақылаудағы алаңды басып алу», «Бақылаудағы алаңды қорғау», «Басып алу», «Қозғалысын шектеу».
11	«Піл»	Пілдің бастапқы орынын, жүрісін және тұтқынға алуын көрсетіп түсіндіру, ақ және қара алаңда жүретін пілдерді анықтауды үйрету, кейіпкер ретінде піл алаңда қалай қозғалатынын іс жүзінде жүргізу арқылы бекіту, логикалық ойлауын дамыту.	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар: «Жеңіл және ауыр фигура», «Лабиринт», «Сақшыны алдап соқ», «Алаңдағы жалғыз жауынгер», «Қысқа жол».
12	«Піл»	Дидактикалық ойындар арқылы піл фигурасының орыны мен жүрісі туралы үйретуді жалғастыру (пілдердің бір-біріне қарсыласуы, екі пілдің бір пілге қарсыласуы, екі пілдің бір пілге қарсыласуы, екі пілдің екі пілге қарсыласуы). Шахмат тақтасындағы қозғалысының (жүрісінің) шектелуін түсіндіріп көрсету.	Д/о: «Бақылаудағы алаңды басып алу», «Бақылаудағы алаңды қорғау», «Қозғалыстың шектелуі» «Жоюға арналған ойын»
13	«Ладьяның пілге қарсы тұруы»	Дидактикалық тапсырмалар мен ойындар арқылы ладьяның пілге қарсы шығуы (тұруы) туралы түсінік беру. «Ұрысқа қарсы тұру» терминінің мәнісін түсіндіру, логикалық ойлауын дамыту	д/о: «Сақшыны алдап соқ», «Сақшыны алдаптаста», «Қарсыласының фигурасына шабуыл», «Фигураны жеңу», «Қосарлай соғу», «Тұтқынға алу», «Қорғаныс»
14-15	«Тәжірибелік сабақ»	Дидактикалық ойындар арқылы шахмат тақтасын құрастыруды, фигураларды дұрыс атап, өз орындарына орналастыруды бекіту, тапқырлығын, логикалық ойлау қабілеттерін	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар

		дамыту, ойланып жүруге дағдыландыру, өзін және құрдастарын дұрыс бағалай білуге бағалау.	
16	«Ферзь»	Ферзьдің бастапқы орынын, жүрісін және тұтқынға алуын көрсетіп түсіндіру, таразылау арқылы ферзь ең салмақты фигура екендігін түсіндіру; тапқырлығын, логикалық ойлауын дамыту, шахматқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Д/о: «Сақшыны алдап соқ», «Қысқа жол», «Лабиринт», «Шахмат» туралы видеофильм қарау
17	«Ферзь»	Балалардың ферзь туралы білімдерін кеңейту: ол тақта алаңының көп бөлігін бақылауда ұстап тұруы үшін оны қай орынға орналастыруға болатынын көрсету; кейіпкер ретінде ферзь алаңда қалай қозғалатынын іс жүзінде жүргізу арқылы бекіту, логикалық ойлауын дамыту.	Д/о: «Бақылаудағы алаңды басып алу»
18	«Ферзьдің ладья мен пілге қарсыласуы»	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар арқылы ферзь фигурасының орыны мен жүрісін бекіту; ферзьдің ладья мен пілге қарсыласуы және қиындық жағдайларын, шахмат тақтасындағы қозғалысының (жүрісінің) шектелуін түсіндіріп көрсету, төзімділікке тәрбиелеу.	Д/о: «Сақшыны алып таста», «Бақылаудағы алаңды басып алу», «Бақылаудағы алаңды қорғау», «Қозғалыстың шектелуі»
19	«Ат»	Аттың бастапқы орынын, жүрісін және тұтқынға алуын көрсетіп түсіндіру, таразылау арқылы ат ең жеңіл фигура екендігін түсіндіру, логикалық ойлауын дамыту, шахматқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Д/о: «Сақшыны алдап соқ», «Қысқа жол», «Лабиринт», «Алаңдағы жалғыз жауынгер»
20	«Ат»	Дидактикалық ойындар арқылы ат фигурасының орыны мен жүрісі туралы үйретуді жалғастыру (аттың атқа қарсыласуы, екі аттың біреуіне қарсыласуы, бір аттың екеуіне қарсыласуы, екі аттың екеуіне қарсыласуы), шахмат тақтасындағы қозғалысының (жүрісінің) шектелуін түсіндіріп көрсету.	Д/о: «Бақылаудағы алаңды басып алу», Жоюға арналған ойын «Қозғалыстың шектелуі»

21-22	«Аттың ферзьге, ладьяға пілге қарсыласуы »	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар арқылы ат фигурасының орыны мен жүрісін бекіту; аттың ферзьге, ладьяға және пілге қарсыласуы және қиындық жағдайларын, шахмат тақтасындағы қозғалысының (жүрісінің) шектелуін түсіндіріп көрсету; төзімділікке тәрбиелеу	Д/о: «Сақшыны алдап соқ», «Сақшыны алып таста», «Қарсыласының фигурасына шабуыл», «Қосарлай соғу», «Тұтқынға алу», «Қорғанис», «Фигураны жеңу»
23	«Пешка»	Пешканың бастапқы орынын, жүрісін және тұтқынға алуын көрсетіп түсіндіру, пешкалардың тұрған орынына байланысты ладьяның, аттың, пілдің, ферзьдің, корольдің пешкалары деп аталатынын көрсету; пешкалардың айналуы	Д/о: «Лабиринт», «Жалғыз - майданда әскер емес»
24	«Пешка»	Дидактикалық ойындар арқылы пешканың орына мен жүрісі туралы үйретуді жалғастыру, шахмат тақтасындағы қозғалысының шектелуін түсіндіріп көрсету.	Д/о: «Қозғалыстың шектелуі»
25-26	«Пешканың ферзьге, ладьяға, атқа, пілге қарсыласуы»	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар арқылы пешканың орыны мен жүрісін бекіту; пешканың ферзьге, ладьяға, атқа және пілге қарсыласуы және қиындық жағдайларын, шахмат тақтасындағы қозғалысының шектелуін түсіндіріп көрсету; төзімділікке тәрбиелеу.	Д/о: «сақшыны алдап соқ», «Қарсыласының фигурасына шабуыл», «Қосарлай соғу», «Тұтқынға алу»
27	«Ойын алаңында»	Әртүрлі дидактикалық ойындар арқылы шахмат ойынының әдіс-тәсілдерін бекіту; шахмат ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру; өзара сыйластыққа баулу.	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар
28	«Король мәртебесі»	Корольдің бастапқы орынын, жүрісін және тұтқынға алуын көрсетіп түсіндіру, Корольді тұтқынға алынбайтыны, бірақ шайқасқа да қатыспайтыны туралы түсініктерін қалыптастыру; қарсыласына сыйластық қарым-қатынас көрсетуге баулу.	Д/о: «Лабиринт», «Жалғыз – майданда әскер емес», «Сақшыны алдап соқ», «Қысқа жол», «Сақшыны алып таста».
29	«Корольдің басқа фигураларға қарсы шығуы»	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар арқылы корольдің орыны мен жүрісін бекіту;	Д/о: «Сақшыны алдап соқ», «Қосарлай соғу»,

		балалардың ойын барысында ішкі жоспар әрекетін іске асыруға дағдыландыру; (корольдің ферзьге, ладьяға, пілге, атқа және пешкаларға қарсыласуы және қиындық жағдайларын, шахмат тақтасындағы қозғалысының шектелуін түсіндіріп көрсету; шахмат ойыны барысында балаларды әдептілікке тәрбиелеу.	«Сақшыны алып таста», Жоюға арналған ойын, «Қарсыласының фигурасына шабуыл»
30	«Шах»	Балаларға тарихи мәліметтер арқылы «шах» деген сөз туралы мағлұмат беру; король қорғаусыз қалса, оған «шах» жарияланатынын түсіндіру; «шахтан» қорғануды көрсету; корольдің жүрісі арқылы күн сәулесін бейнелеп көрсету; төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық тапсырмалар: «Шах па, әлде шах емес пе?», «Шах беру», «Шахтан қорғанис»
31	«Шах»	Балаларды шахмат ойынының құпияларымен және «шах» ұғымын таныстыруды жалғастыру, «Ашық шах», «Қос шах» тактикасымен таныстыру, дидактикалық тапсырмалар арқылы бес ақ фигуралардың әрқайсысы қара корольге шах бере білу мүмкіншілігі туралы көрсету; ойын тактикасын дағдыландыру.	Дидактикалық тапсырмалар мен ойындар: «Ашық шах», «Қос шах», «Бірінші шах»
32	«Мат»	Балаларға тарихи мәліметтер арқылы «мат» деген сөз туралы мағлұмат беру; король қорғаусыз қалса, оған «мат» жарияланатынын түсіндіру; Ферзь, ладья, піл, ат, пешкамен «мат» қоюды көрсету; тапсырма арқылы балаларға қара корольге «мат» қойылғанын анықтауды үйрету; «Маттан» қорғану тактикасына дағдыландыру.	Дидактикалық тапсырма: «Мат па әлде мат емес пе?»
33	«Мат»	Балаларды тактикалық амалдармен таныстыруды жалғастыру, ойынға деген көзқарасын бақылау, қарсыласының жүру комбинацияларын алдын – ала болжау, одан қорғану	Дидактикалық тапсырма: «Бір жүрістен мат қою»

		амалдарын ойлап табуға үйрету; бір жүрістен «мат» қоюды көрсету. Балаларды қарсыласына сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.	
34	«Мат»	Балалардың білімдерін, ойын ережесін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру; ойынға деген қызығушылықтарын арттыру; шахмат тақтасында қарапайым тапсырмалар арқылы «мат» қою әдіс-тәсілдерін бекіту, ойын барысында төзімділікке тәрбиелеу.	Дидактикалық тапсырма: «Бір жүрістен мат қою»
35-36	«Тәжірибелік сабақ»	Дидактикалық ойындар арқылы шахмат тақтасын құрастыруды, фигураларды дұрыс атап, өз орындарына орналастыруды бекіту; тапқырлығын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ойланып жүруге дағдыландыру, өзін және құрдастарын дұрыс бағалай білуге баулу.	Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Карпов А. «Учитесь шахматам», Москва, 1997г.
2. Сухин И. «Приключение в шахматной стране», москва, 2000г
3. Весела И. «Шахматный букварь», Москва, Просвещение, 1983г
4. Гришин В.Г. «Шахматная азбука», Москва, 1972 г
5. Никитин А.П. «Книга начинающего шахматиста», Красноярск, 1983 г